



«БЕКІТЕМІН»

«Каракемер МББ» КММ

Директоры Ескалиева Б.М.

09 2024ж.

«Шебер қолдар» үйірмесінің жоспары

Мұғалім: Нурекеш Надежда Нұрланқызы

2024-2025ж

Түсінік хат

Қайта жаңғырып, жастар тәрбиесіне арқау болып отырған халықтық педагогика – бұл күнде педагогтер қауымына ғана емес, бүкіл қоғамымызға ортақ әлеуметтік қозғалыс. Халықтық педагогика жаңалық та, ғылым да емес, ол ежелден халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тәлім-тәрбие мектебі. Ұлттық педагогиканы насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол. Соның ішінде еңбекке баулу сабақтарында қол өнеріне үйрету арқылы тәлім-тәрбиені оқу-тәрбие процесіне арқау ету негізгі міндетіміз. Ұлттық тәрбие жүректе жатық болғанымен ауқымы шексіз, белгілі бір жүйеге келтірілмеген тың дүниелер. Бұл мұраларды педагогикаға пайдалана білу үшін оларды терең оқып-үйрену, игеру қажет.

Мақсаты: Халық өнерін игеру арқылы оқушыны еңбексүйгіштікке талаптандырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулу

Міндеттері:

- оқушының ынта-ықыласын нығайту және мамандықты саналы түрде таңдап алуға даярлау
- қоғам өміріндегі еңбектің, өнердің ролін түсіну, өнер адамдарына деген құрмет
- өнерге деген сүйіспеншілік, еңбек етуге қабілеттілік пен шеберлік, шығармашылықпен жұмыс істеу тілегі, қоғамдық пайдалы еңбекке даярлық
- көрнекі құрал ретінде пайдаланылатын өздері жасаған бұйымдарға, мектеп мүлкін аялау көзқарасына тәрбиелеу.

«Шебер қолдар» үйірмесінің күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Жұмыстың орындалу түрі	Орындалу мерзімі
	I. Кесте түрлері және кестелі бұйым жасау			
1	Кесте тігуге қажет жабдықтар. Тігіс кезіндегі қауіпсіздік ережелері	1	Ине мен жіптің сәйкестігі Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру	06.09
2	Көркемдік көктеу тігісінің түрлері	1	Кесте тігістерін ажырата білу	13.09
3	Көркемдеуші тігістермен қол орамалшаларын кестелеу	1	Тігілу жолын матаға инемен тігіп көрсету	20.09
4	Айқас тігісінің түрлері	1	Тігіс түрлерін тігіп, жаттығу	27.09
5	Шет тігісінің түрлері	1	Иненің шаншылу, шығу нүктелерін көрсету	04.10
6	Тізбек тігісінің түрлері	1	Таңдай, бізкесте тігіс түрлерін көрсету	11.10
7	Жіп және моншақтан шашақ жасау	1	Шашақтың қазіргі тұрмысымызда қолданылуы	18.10
8	Шашақтар және көркемдік кесте тігістері коллекциясын жасау	1	Көрме ұйымдастыру	(25.10)
	II. Көркемдік кесте тігістерімен сыйлықтық үй тұрмысы бұйымдарын жасау			
9	Кестелі түпкііз түрлері, қолданылуы	1	Түпкііздің жасалу жолдары	8.11
10	Түпкіізді пішу	1	Ыдыстың формасына байланысты жасау	15.11
11	Түпкііздің оюын кестелеу	1	Түпкіізді пішу, ою-өрнегін сызу	22.11

12	Түпкізді астарлау, шетін шет тігісімен тігу, бау тағу	1	Оюы кестеленген бетіне беттестіріп, көктеу	29.11
13	Кестелі аяққаптың қолданылуы	1	Ұлттық дәстүрді түрлендіре пайдалану	06.12
14	Аяққапқа оюды кестелеу	1	Бұйымды тігу кезінде уақытты тиімді ұйымдастыру	13.12
15	Аяққапты астарлау, шет тігісімен тігу	1	Бұйымның астарын тігу	20.12
16	Аяққапты шашақтау	1	Шашақтың түрлері, олардың жасалу жолдары	27.12
	III. Тоқыма бұйымдарын жасау жұмыстары			
17	Тоқу инесімен тоқуға қажет құрал-жабдықтар	1	Тоқу инесінің құрылысымен таныстыру	10.01
18	Тоқудың негізгі әдістері	1	Тоқудың шартты белгілері. Тоқу схемасы	17.01
19	Сыйлықтық үшбұрышты орамал тоқу	1	Орамалдың тоқылу формалары	24.01
20	Орамал тоқуды аяқтау	1	Орамалдың тоқылу схемасы	31.01
21	Сыйлықтық қолдорба тоқу	1	Қолдорбаның үлгісін жасау	07.02
22	Қолдорба тоқуды аяқтау	1	Қолдорбаны біріктіріп тігу	14.02
23	Мойынорауыш тоқу	1	Енінен бастап тоқу	21.02
24	Тоқу түрін таңдау	1	Өзіндік жұмыс	28.02
25	Тоқуды аяқтау, мойынорауышты шашақтау	1		07.03
26	Қалпақ тоқу, қалпақ өлшемін анықтау	1	Қалпақ формасы	14.03

27	Қалпақ үлгісін сызу	1	Қалпақ өлшемін анықтау	04.04
28	Қалпақтың екі жақ қабырғасын біріктіру, қалпақты шашақтау	1	Шашақтың түрлері	11.04
	IV. Құрақ			
29	Құрақ, құрақтың түрлері, қолданылуы	1	Құрақта пайдаланылатын геометриялық фигуралардың анықтамасы	18.04
30	Құрақ көрпешенің геометриялық суретін дәптерге салу	1	Геометриялық фигураларды ажырата білу	25.04
31	Сурет бойынша құрақ маталарын қырқып дайындау, көрпешенің құрақтарын тігу	1	Көктеу тігісі	02.05
32	Құрақ көрпеше жиегіне үшбұрышты тұмаршалар жасау, көрпешеге тұмаршаларды тігіп, астарлау	1	Тұмаршаның жасалу жолы	09.05
33	Көрпешеге мақта салып көктеу	1	Көктеу ерекшеліктері	16.05
34	Оқушылардың шығармашылығынан көрме ұйымдастыру	1	көрме	23.05